


Мұнай мен газға деген әлемдік сұранысқа әсер ететін факторлар

Кіріспе

Әлемдік энергетикалық нарық үнемі өзгеріс үстінде және қазіргі таңда мұнай мен газға деген сұраныстың елеулі өзгерістеріне байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отыр. COVID-19 пандемиясынан кейін бірден мұнайға сұраныс сенімді түрде қалпына келсе де, соңғы деректер өсім қарқынының бәсеңдегенін көрсетеді. Бұл жағдайдың себептері әртүрлі: пандемиядан кейін көлік қозғалысының тұрақтануынан бастап, электромобильдер мен жаңартылатын энергия көздеріне белсенді көшуге дейін. Ал табиғи газға деген сұраныс тұрақты күйінде қалуда, бұған көміртек шығарындылары жоғары отын түрлерінен біртіндеп бас тарту ықпал етуде. Осы мақалада аталған үрдістерді қалыптастыратын негізгі факторлар – геосаяси оқиғалар, жаһандық энергетикалық ауысудың жеделдеуі және жаңа технологиялардың әсері қарастырылады. Сонымен қатар әлемдік нарыққа әсері мен Қазақстан тап болып отырған сын-қатерлер де талданады.

Дүниежүзілік сұраныстың өзекті үрдістері

Соңғы жылдары әлемдік мұнайға деген сұраныс бұрын-соңды болмаған тұрақсыздықпен сипатталды. 2020 жылғы сәуірде COVID-19 пандемиясы жаһандық сұраныстың 20%-ға дейін төмендеуіне себеп болды — бұл тәулігіне 80,6 миллион баррельге [мб/т] дейінгі көрсеткіш, [1980 жылдан бергі ең ірі құлдырау](#). Алайда сұраныстың қалпына келуі таңқаларлықтай жылдам жүрді: 2020 жылдың төртінші тоқсанына қарай тұтыну тәулігіне 94,7 миллион баррельге жетіп, 2022 жылы пандемияға дейінгі деңгейден асып түсті. Мұндай тұрақтылық 2023–2024 жылдары жаңа рекордтық көрсеткіштерге жол ашты. Дегенмен, сұраныстың өсу қарқыны бәсеңдей бастады. [Халықаралық энергетикалық агенттіктің \(ХЭА\) соңғы есебіне сәйкес](#), 2024 жылы өсу қарқыны екі еседен астамға азайып, тәулігіне 830 мың баррельді құрады, бұл [2023 жылғы](#) тәулігіне 2,3 миллион баррельмен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Сол есепте ХЭА 2025–2026 жылдары да сұраныс өсуінің одан әрі баяулайтынын болжайды: 2025 жылы тәулігіне 730 мың баррельге, ал 2026 жылы 690 мың баррельге дейін.



Дереккөз: ХЭА, Жаһандық энергетикалық шолу [2025 жылғы сәуір]

Мұнайға деген сұраныс өсімінің баяулауы пандемиядан кейінгі көлік қозғалысының қалпына келу кезеңінің аяқталуымен, сондай-ақ электр көліктері мен жаңартылатын энергия көздерінің дамуына байланысты. Бұл әсіресе автокөлік сегментінде айқын байқалады – осы сектордың мұнай тұтынудағы үлесі 2022 жылдан бастап азая бастады. Электромобильдерді пайдаланушылар саны артып, қашықтан жұмыс форматына көшкен адамдар көбейіп келеді, бұл автомобиль отынына деген сұранысты төмендетті.

2024 жылы мұнайға деген сұраныс өсімінің негізгі қозғаушы күші мұнай-химия шикізаты өндірісі болды, бұл Қытайдағы химия өнеркәсібінің белсенді дамуымен байланысты. Сонымен қатар, АҚШ-та, ЕО елдерінде және Жапонияда мұнай-химиямен байланысты емес салаларда сұраныс баяулады, себебі дайын мұнай-химия өнімдерінің қоры артты. Ал Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде мұнай-химиядан бөлек секторларда да көмірсутектерге деген сұраныс өсе берді.

[ОПЕК ұйымының мұнай нарығының ахуалы жөніндегі соңғы айлық есебіне \(Monthly Oil Market Report, MOMR\) сәйкес](#), 2025 жылы әлемдік мұнайға сұраныс тәулігіне 1,3 миллион баррельге өседі деп күтілуде – бұл өткен айдағы болжаммен бірдей. ОПЕК сондай-ақ 2026 жылы да осындай – тәулігіне 1,3 миллион баррельдік өсімді болжайды. Бұл баға да өзгеріссіз қалды.

ОПЕК пен ХЭА болжамдары едәуір айырмашылыққа ие болғанымен, екі ұйымның беделі олардың орташа мәнін ең орынды бағалау ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан осы талдауда тәулігіне шамамен 1,0 миллион баррель болатын орташа көрсеткіш ең шынайы бағдар ретінде алынды.

Table 4 - 1: World oil demand in 2025*, mb/d

World oil demand	2024	1Q25	2Q25	3Q25	4Q25	2025	Change 2025/24	
							Growth	%
Americas	24.94	24.77	24.89	25.32	25.20	25.05	0.10	0.41
of which US	20.42	20.23	20.40	20.67	20.72	20.51	0.09	0.43
Europe	13.51	12.80	13.62	14.06	13.50	13.49	-0.01	-0.09
Asia Pacific	7.21	7.58	6.98	6.93	7.39	7.22	0.02	0.21
Total OECD	45.66	45.16	45.48	46.31	46.08	45.76	0.10	0.23
China	16.65	16.86	16.68	17.03	17.04	16.90	0.25	1.50
India	5.55	5.70	5.84	5.50	5.91	5.74	0.19	3.39
Other Asia	9.66	9.90	10.28	9.75	9.75	9.92	0.26	2.72
Latin America	6.78	6.81	6.92	6.99	6.94	6.92	0.13	1.98
Middle East	8.78	8.75	8.66	9.21	9.08	8.93	0.14	1.65
Africa	4.57	4.78	4.41	4.61	4.99	4.70	0.12	2.71
Russia	3.98	4.02	3.85	4.04	4.19	4.03	0.05	1.13
Other Eurasia	1.26	1.37	1.29	1.18	1.32	1.29	0.03	2.51
Other Europe	0.80	0.79	0.83	0.77	0.87	0.82	0.01	1.40
Total Non-OECD	58.05	58.98	58.77	59.08	60.10	59.24	1.19	2.05
Total World	103.70	104.14	104.26	105.39	106.19	105.00	1.30	1.25
Previous Estimate	103.75	104.16	104.25	105.35	106.41	105.05	1.30	1.25
Revision	-0.05	-0.02	0.01	0.05	-0.22	-0.05	0.00	0.00

Note: * 2025 = Forecast. Totals may not add up due to independent rounding.

Source: OPEC.


Дереккөз: MOMR ОПЕК [2025 жылғы мамыр]

Мұнайдан айырмашылығы, 2024 жылы [табиғи газға деген әлемдік сұраныс](#) өсіп, 115 миллиард текше метрге жетті. Бұл өсімнің бір ерекшелігі – оның мұнайға деген сұраныс өсімінің баяулауымен тығыз байланысты екендігінде. Көптеген елдер көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту мақсатында мұнайдан табиғи газға көшуде. Жаһандық газ тұтыну өсімінің негізгі бөлігін дамушы және жедел өсіп келе жатқан экономикалар қамтамасыз етуде.

Тұтыну өсімі көбінесе өнеркәсіп пен электр энергетикасы салаларына тиесілі болды – бұл секторларға сұраныс өсімінің шамамен 75%-ы келді. Сонымен қатар экстремалды ауа райы жағдайлары да сұраныстың артуына әсер етті. 2024 жылы Қытай, Үндістан және АҚШ-тың халқы тығыз орналасқан өңірлерінде аномальды аптап ыстық тіркеліп, газбен өндірілетін электр энергиясын тұтынуды ұлғайтты.

Сонымен бірге Еуроодақта электр энергиясын өндіруге арналған газға деген сұраныс 5%-ға төмендеді, бұл жаңартылатын энергия көздерінің үлесінің артуымен байланысты. Алайда Еуропаның өнеркәсіп секторында газ тұтыну салыстырмалы түрде төмен бағаға байланысты өсе берді.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА) болжамына сәйкес, 2025 жылы әлемдік газға деген сұраныс өсімінің қарқыны 1,5%-ға дейін баяулайды. Азия елдерінде бұл көрсеткіш 5,5%-дан 2%-ға дейін төмендейді деп күтілуде, дегенмен бұл өңір табиғи газ тұтынуы өсімінің басты драйвері болып қала береді.



Дереккөз: ХЭА, Жаһандық энергетикалық шолу [2025 жылғы сәуір]

Мұнай мен газға деген жаһандық сұраныстың өзгеруіне әсер ететін бірқатар факторлар бар, олардың ішінде геосаяси жағдай ерекше рөл атқарады. 2024 жылы [мұнай мен газдың ең ірі өндірушісі әрі тұтынушысы](#) болып саналатын АҚШ-та өткен президенттік сайлау әлемдік энергетикаға айтарлықтай ықпал етті. Президент Трамп батаған жаңа әкімшілік қазба отын ресурстарын өндіруді ұлғайтуға басымдық берді.

Өндірісті жеделдету мақсатында мұнай-газ компаниялары үшін экологиялық талаптарды келісу рәсімдері [жеңілдетілді](#). Сонымен қатар бұрынғы президент Байден тұсында енгізілген сұйытылған табиғи газды экспорттауға арналған лицензияларды беруге қойылған шектеулер алынып тасталды.


Сол уақытта Трамп АҚШ-та ішкі сұранысты жоғары деңгейде ұстап тұру үшін мұнай бағасын қолайлы деңгейде сақтау саясатын ұстануда, бірақ бұл баға сонымен қатар америкалық компаниялар үшін өндірісті ұлғайтуға ынталандыру болатындай жоғары болуы тиіс.

Бұдан бөлек, биыл АҚШ бірқатар елдерге, соның ішінде әлемдегі энергия ресурстарының екінші ірі тұтынушысы саналатын Қытайға қатысты сауда тарифтерін енгізді.

Энергетикалық ауысудың әсері

Әлемдік мұнай мен газға деген сұраныстың өзгеруіне әсер ететін тағы бір маңызды фактор – жаһандық энергетикалық ауысу. Көптеген елдер климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында қазба отын түрлерінен төмен көміртекті

және жаңартылатын энергия көздеріне көше бастады. Бұл үдеріс, ең алдымен, мұнайға деген сұранысқа кері әсерін тигізуде, өйткені мұнай – табиғи газбен салыстырғанда көміртек шығарындылары ең жоғары отын түрі.




Дереккөз: ХЭА, Жаһандық энергетикалық шолу [2025 жылғы сәуір]

Таза энергия негізінен күн, жел, атом, су электр энергиясы мен биототын арқылы өндіріледі. Қазіргі таңда бұл көздердің пайдаланылу көлемі жаһандық жылынуды тоқтатуға жеткіліксіз болғанымен, жыл сайын шамамен [2,6 миллиард тонна CO₂](#) шығарындысының алдын алуға мүмкіндік береді. 2024 жылы таза энергия әлемдік электр энергиясы өндірісінің өсімінің [80%-дан](#) астамын қамтамасыз етті.

Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА) болжамы бойынша, 2030 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің әлемдік энергия тұтынуындағы үлесі 60%-ға дейін өседі. Энергетикалық ауысу әсіресе Еуроодақ елдерінде белсенді түрде жүзеге асырылуда. Олар 2030 жылға қарай [жалпы энергия тұтынуындағы жаңартылатын](#) энергия көздерінің үлесін 42,5%-ға, ал жаңартылатын отынның үлесін 5,5%-ға жеткізуді жоспарлап отыр.

Бұл ауысымды қолдау мақсатында Ұлыбритания теңіздегі жел электр станцияларын салуға қойылған шектеулерді алып тастауды көздеп отыр, сондай-ақ Солтүстік теңізде қазба ресурстарын өндіруге салынатын салықты арттыруды жоспарлайды.

Жаңартылатын энергияға көшу процесі Қытай мен Үндістанда да белсенді жүруде. Қытай үкіметі электромобиль сатып алуға берілетін субсидияларды едәуір ұлғайтты, бұл ел ішінде сатылатын жаңа көліктердің 50%-ын электромобильдер құрайтын деңгейге жеткізуге бағытталған.



Дереккөз: ХЭА, Жаһандық энергетикалық шолу [2025 жылғы сәуір]

Жаңартылатын энергия көздерінің үлесі артқан сайын, алдағы онжылдықтарда қазба отын түрлеріне инвестициялардың қысқарып, мемлекеттік реттеудің күшейе түсуі күтілуде. Энергетика саласындағы өз орнын сақтау үшін мұнай-газ компаниялары жаңа жағдайларға бейімделуі тиіс. Соның бір жолы – энергия үнемдеуші және [төмен көміртекті](#) технологияларды әзірлеуге инвестиция салып, оларды өндірістік процестерге интеграциялау.

Бұл бағытта көмірқышқыл газын ұстау және сақтау технологияларын (CCS) енгізудің маңызы зор. Бұл технологиялар өнеркәсіптік нысандарда CO₂ шығарындыларын едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Осындай жобалардың сәтті іске асуына мысал ретінде Норвегияны келтіруге болады. Норвегияның Equinor энергетикалық компаниясы Солтүстік теңізде газ өндіру кезінде бөлінетін көмірқышқыл газын Utsira Sand атты тұзды су қоймасына айдайтын [Sleipner CCS](#) жобасын жүзеге асырып келеді. 1996 жылдан бері бұл жоба аясында шамамен 23 миллион тонна көміртек ұсталып, жер астына жіберілді.

Сонымен қатар ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) қағидаттарын ендіру және орнықты даму тәжірибелерін дамыту энергетикалық ауысудың жағымсыз салдарын жұмсартуға көмектеседі. Инвесторлар орнықты даму стандарттарын ұстанатын компанияларға қаржы салуға анағұрлым бейіл. ESG стратегиялары [Shell, BP, Total, ENI және Repsol](#) сияқты жетекші еуропалық мұнай-газ

компанияларында белсенді түрде енгізілуде. Бұл шаралар мұнай мен газға деген сұраныстың төмендеу үрдісін түбегейлі өзгерте алмаса да, саланың жаһандық энергетикалық жүйенің маңызды элементі ретінде сақталуына мүмкіндік береді.

Алайда жаһандық энергетикалық ауысу бір сәтте жүзеге аса қоймайды. Бұл үдеріс бірнеше ондаған жыл бұрын басталғанына қарамастан, [мұнай әлі де әлемдік энергетикалық баланста жетекші рөл атқарып отыр](#). Демек, мұнайдың жаһандық энергия тұтыну құрылымындағы жетекші орнын жоғалтуы әлі де бірнеше онжылдықты алуы мүмкін. Тіпті соңғы оқиғаларға сәйкес, кейбір ірі мұнай компаниялары [жаңартылатын энергетикаға бағытталған инвестицияларын қысқартып](#), алдағы уақытта дәстүрлі мұнай-газ жобаларына қайта басымдық бере бастады.

Қысқа мерзімді перспективадағы сұраныстың белгісіз перспективалары


Мұнай мен газға деген жаһандық сұраныстың қысқамерзімді болжамдары геосаяси және технологиялық факторлардың ықпалына байланысты аса тұрақсыз күйінде қалып отыр. Еуропада төртінші жыл қатарынан жалғасып жатқан соғыс қақтығысы (Ресей–Украина) энергетикалық нарықтар мен жеткізу тізбектерін тұрақсыздандырып, бағаның құбылуына және құбылмалылықтың артуына себеп болуда.

2022 жылдан бері Еуроодақ ресейлік энергия ресурстарына тәуелділігін күрт қысқартты: [ресейлік газ импорты 75%-ға төмендеді](#), ал ресейлік мұнайды сатып алуға іс жүзінде толықтай тыйым салынды. Бұл жағдай Еуропаны балама энергия көздерін жедел іздеуге және сұйытылған табиғи газды (СТГ) қабылдауға арналған инфрақұрылымға белсенді инвестиция салуға мәжбүр етті.

Алайда 2025 жылдың басында Украина арқылы ресейлік газ жеткізілімі кенеттен тоқтатылып, [кейбір өңірлерде](#), әсіресе, Словакия, Чехия және Молдова елдерінде [газ тапшылығы туындады](#). Бұл жаһандық жеткізу тізбектерінің геосаяси күйзелістерге қаншалықты осал екенін айқын көрсетті.

Қосымша белгісіздік тудыратын тағы бір фактор – АҚШ тарапынан енгізілген немесе күшейтілген жаңа сауда баж салығы мен Ресей мен Иранға қатысты қолданыстағы санкциялар. Мұның барлығы жаһандық мұнай нарығындағы тұрақсыздық пен қысымды күшейтуде.

Figure 1. Russia's share of European imports of natural gas, oil and coal, 2021-24



Дереккөз: Элькано корольдік институты [2025 жылғы сәуір]

Сонымен қатар жағдайды жаңа әскери қақтығыс одан әрі ушықтыра түсті. Үндістан мен Пәкістан арасындағы соңғы шиеленіс ауқымды қақтығыс қаупін арттырып, өңірлік тұрақтылыққа қатер төндіріп отыр және бұл энергетикалық инфрақұрылымға да әсер етуі мүмкін. [Forbes](#) деректеріне сәйкес Үндістан әлемдегі ең ірі мұнай тұтынушылардың бірі — тәулігіне орта есеппен 5,4 млн баррель, оның шамамен 90%-ы импорт есебінен қамтамасыз етіледі. Болжам бойынша, 2025 жылы Үндістан жаһандық мұнай сұранысы өсімінің шамамен 25%-ын қамтамасыз етпек. Осындай ауқымды энергия тұтынушы елдің әскери қақтығысқа тартылуы жаһандық энергетикалық нарықтар үшін қосымша белгісіздік пен қауіптер тудырады.

Сондай-ақ әлемдегі екі ірі экономика — АҚШ пен Қытай — қазіргі таңда сауда соғысы жағдайында қалып отыр. Бұл өзара баж салығының енгізілуімен қатар жүруде. Соңғы хабарламаларға сәйкес, бұл бағытта жағымды ілгерілеушілік байқалып отыр: жақында тараптар [«сауда келісіміне»](#) қол жеткізгені жарияланды. Алайда қазіргі таңда әңгіме тек өзара тарифтерді 90 күнге уақытша төмендету туралы болып отыр. Бұл, сөзсіз, екі алпауыт арасындағы жаһандық сауда үшін оң сигнал болғанымен, келісімнің ұзартылатынына ешқандай кепіл жоқ. Сондықтан бұл факторға ерекше назар аудару қажет, өйткені АҚШ пен Қытай арасындағы сауда текетіресінің қайта жандануы жаһандық энергия ресурстарына деген сұранысқа теріс әсер ететіні анық.

Жағымды жаңалықтар қатарында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының түрлі салаларға жедел енгізілуін атап өтуге болады. Бұған дейінгі [«Цифрлық дәуірдің энергиясы»](#) атты материалымызда атап өткендей, ЖИ-дің кең таралуы жаһандық энергия тұтыну өсімінің маңызды факторы ретінде қарастырылуда. ЖИ негізінде жұмыс істейтін деректерді өңдеу орталықтарының энергияға деген сұранысқа қалай әсер ететіні жөнінде түрлі болжамдар бар, бірақ жалпы бағыт айқын: есептеу қуаттарының артуы энергия тұтынудың да өсуіне әкеледі. Бұл — ұзақ мерзімді құрылымдық өзгеріс,

ол алдағы ондаған жыл бойы энергия тұтынуға әсер етпек. Алайда қысқа мерзімде геосаяси оқиғалар басым рөл атқаруын жалғастыруда.


Қысқа мерзімді перспективада тәуекелдер мен белгісіздіктердің басым болуына байланысты саланың жетекші аналитиктері аса сақ позиция ұстанып отыр. Бұл Brent маркалы мұнайға қатысты баға болжамдарының бірқатар төмендетілуінен көрініс тапты. Соңғы апталарда [JP Morgan, Morgan Stanley, Goldman Sachs және UBS](#) банктері 2025–2026 жылдарға арналған сақ болжамдарын ұсынды. JP Morgan және UBS 2025 жылға арналған болжамдарын 7%-ға төмендетіп, барреліне \$66 деңгейіне дейін түсірді. Morgan Stanley өз болжамын 5%-ға қысқартып, \$62-ге дейін төмендетті. Goldman Sachs 2026 жылы бағаның одан әрі төмендеп, \$58-ге жететінін күтуде. Сонымен қатар, [Exxon Mobil компаниясы 2025 жылдың бірінші тоқсаны бойынша](#) есебінде «баға мен кірістілікке айтарлықтай қысым» бар екенін ерекше атап өтті.

Қазақстан: күрделі конъюнктураға бейімделу

Әлемдік энергия ресурстарына деген қысқа мерзімді сұраныстың белгісіздігі — Қазақстан экономикасы үшін жағымсыз фактор. Өйткені мемлекеттік бюджеттің елеулі бөлігі көмірсутектер экспорты мен осы саладағы салықтық түсімдер есебінен қалыптасады. [Азия Даму Банкінің болжамы бойынша](#), Қазақстан экономикасы [2025 жылы 4,9%-ға, ал 2026 жылы 4,1%-ға өседі](#) деп күтілуде. Алайда бұл өсім, ең алдымен, Теңіз кен орнындағы өндіру көлемінің артуымен байланысты. [Forbes](#) мәліметіне сәйкес, мұнай-газ секторынан түсетін кірістер елдің ЖІӨ-нің 30%-дан астамын және экспорттық табыстың 75%-дан астамын құрайды. Сондықтан мұнайға деген әлемдік сұраныстың төмендеуі немесе бағаның құлдырауы Қазақстанның қаржылық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

KAZAKHSTAN

GDP GROWTH FORECAST



Дереккөз: Азия Даму Банкі

[Дүниежүзілік банк](#) та Қазақстанның 2025–2026 жылдардағы ЖІӨ өсіміне қатысты оң болжам жасап отыр. Алайда, оның сарапшылары әлемдік мұнайға сұраныстың азаюын ел экономикасы үшін негізгі қауіптердің бірі ретінде атап өтуде. Ұзақ мерзімді перспективада [Халықаралық валюта қоры \(ХВҚ\)](#) экологиялық трансформация мен «жасыл» экономикаға көшудің жағымсыз салдары болуы мүмкін екенін ескертеді, әсіресе бұл Қазақстан халқының әлеуметтік осал топтарына әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар Қазақстан мұнайының [шамамен 70%-ы](#) Еуропаға экспортталатынын ескеру маңызды. Бұл — Ресей мен Украина арасындағы соғыс салдарынан қатты зардап шеккен өңір. Төменде келтірілген диаграммада көрсетілгендей, Қазақстан мұнайының негізгі тұтынушылары — Еуропалық одақ елдері. Бұл жағдай Қазақстан үшін онша қолайлы емес, себебі соңғы уақытта алдыңғы қатарлы қаржы институттары Еуроаймақтың экономикалық өсу болжамдарын төмендетті. Мәселен, [UBS](#) 2025 жылға арналған ЖІӨ өсімі болжамын 0,9%-дан 0,5%-ға дейін, [ЭЫДҰ](#) — 1,3%-дан 1%-ға, ал [ХВҚ](#) — 1%-дан 0,8%-ға дейін төмендетті. Бұл Қазақстан үшін елеулі сын-қатерге айналуы мүмкін, өйткені негізгі мұнай тұтынушыларындағы экономикалық баяулау бағаға ғана емес, сонымен қатар жеткізу көлеміне де кері әсер етуі ықтимал.

Направления экспорта нефти в 2024 году
Итого: 42,9 млрд долларов США



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде құрастырылған [kgd.gov.kz].

Табиғи газға қатысты жағдай біршама өзгеше, себебі Қазақстан оны мұнайға қарағанда әлдеқайда аз көлемде экспорттайды. Бұған дейін «[2024 жылғы табиғи газ теңгерімі – фактілер мен болжаулар](#)» материалында атап өткеніміздей, 2021–2024 жылдар аралығындағы орташа көрсеткіш бойынша табиғи газ экспорты жалпы өндіру көлемінің небәрі 11%-ын құрады. Бұл – еліміздің газ саласы сыртқы макроэкономикалық факторларға анағұрлым аз тәуелді екенін көрсетеді. Осылайша, саланың негізгі сын-қатерлері жаһандық экономикалық ахуалға қарамастан біршама тұрақты болып қала береді. Сала алдындағы басты басымдық – табиғи (шикі) газды қайта өңдеу қуаттарын арттыру арқылы оның ұлттық экономикаға қосатын үлесін барынша көбейту.

Мұндай күрделі жағдайларда тиімді әрекет ету үшін Қазақстанның мұнай-газ саласы жылдам бейімделе білуі керек. Тұрақтылық пен сыртқы күйзелістерге төтеп бере алмаса, ел экономикасы жылдам және айтарлықтай жағымсыз салдарға ұшырауы мүмкін. Бұл бағытта кешенді тәсіл қажет: [тиімділікті арттырып, шығындарды азайтуға бағытталған](#) технологиялық инновацияларға инвестиция салу, транзиттің бір бағытына тәуелділікті азайту мақсатында [экспорттық бағыттарды әртараптандыру](#), ел ішінде көмірсутектерді қайта өңдеу қуаттарын көбейту, сондай-ақ салаға ұзақмерзімді инвестиция тарту үшін тартымды әрі тұрақты салықтық режимді қамтамасыз ету. Ұзақ мерзімді келешекте сала үшін экологиялық тұрақтылық та басты басымдықтардың біріне айналуы тиіс. Бұл – жаһандық декарбонизация үрдістеріне сәйкес келіп, халықаралық нарықтарға қол жеткізуді сақтап қалудың маңызды шарты.

Қорытынды

Ұзақ мерзімді перспективада жаһандық энергетикалық көшу процесі қазбалы энергия көздерінің үлесінің азаюына айқын бағытталған. Алайда қысқа мерзімде энергияға деген сұраныс геосаяси тәуекелдерге, сауда дауларына және жасанды интеллект сияқты энергияны көп қажет ететін жаңа технологияларға айтарлықтай осал күйде қалып отыр. Қазақстанға әлемдік энергетикалық нарықтың қарқынды өзгеріп жатқан жағдайында орнықты позицияларын сақтау үшін жоғары икемділік пен бейімделу қабілеті қажет.

Бұл мақсатқа жету үшін жаңа энергетикалық бастамалардың әлеуетін де, қазіргі бар активтердің тиімділігін де барынша пайдалануға мүмкіндік беретін жан-жақты стратегия қажет. Аталған үдеріс бірқатар маңызды сын-қатерлермен байланысты, өйткені ол жұмыс істеп тұрған қуаттарды тиімдірек ету, жаңа өндірістік және қайта өңдеу бағыттарын дамыту, сондай-ақ экспорттық бағыттарды әртараптандыру сияқты ауқымды әрі күрделі жобаларды іске асыруды талап етеді.

«ЭНЕРГИЯ» аналитикалық орталығы

«ЭНЕРГИЯ» аналитикалық орталығы» ЖШС (ENERGY Insight & Analytics) [KAZENERGY қауымдастығы мен AppStream IT-компаниясының](#) бірлескен кәсіпорны болып табылады. Компания шешім қабылдаушыларға нарықтың жетекші ойыншылары туралы егжей-тегжейлі ақпаратпен неғұрлым маңызды салалық көрсеткіштерді талдауға және болжауға мүмкіндік бере отырып, Қазақстанның мұнай, газ және электр энергетикасы салалары үшін деректердің, аналитикалық ақпараттың және ұсынымдардың басым көзі болуға ұмтылады. Energy Insight & Analytics қызметі дәйекті кезеңдері бар аналитиканың бүкіл циклін қамтиды: сипаттамалық, диагностикалық, болжамдық және ұйғарушы аналитика.

Energy Insight & Analytics-тің негізгі құралы мен өнімі - бұл өзіндік бағдарламалық жасақтамасы - ашық бастапқы бағдарламалық жасақтама ретінде бағдарламалық жасақтама ретінде пайдаланудың нақты жағдайлары үшін деректерді анықтауға, оқшаулауға, пішімдеуге және тиімді ұсынуға арналған [EXia аналитикалық платформасы](#).

Дисклеймер / Жауапкершілікті шектеу

Бұл құжат тек танысу мақсатында пайдалануға арналған. Онда берілген ақпарат қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алуға, өтеуге дейін ұстап қалуға немесе сатуға немесе қандай да бір инвестициялық шешімдер қабылдауға ұсыныс болып табылмайды және қандай да бір әрекетке шақыру болып табылмайды.

Осы құжатқа енгізілген болжамды болашақ нәтижелерге қатысты кез келген мәлімдеме, бағалау немесе болжам дәл болмауы мүмкін, сондықтан болашақ нәтижелерге қатысты міндеттеме немесе куәлік ретінде сенуге болмайды. «ЭНЕРГИЯ» аналитикалық орталығы» ЖШС (бұдан әрі - ENERGY Insights & Analytics) алушы немесе өзге тұлға осы құжатты немесе оның бір бөлігін пайдалану немесе қате пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген түрдегі залал немесе залал үшін алушыға немесе кез келген басқа тұлғаға қатысты қандай да бір міндеттемелерді немесе жауапкершілікті өзіне қабылдамайды; алушының немесе өзге тұлғаның осы құжатты немесе оның бір бөлігін пайдалануы немесе қате пайдалануы нәтижесінде туындаған залал немесе залал үшін өзіне болашақта құжатты немесе оның бір бөлігін жаңарту бойынша немесе құжаттағы немесе оның бір бөлігіндегі анықталуы мүмкін дәлсіздіктер туралы кез келген адамды нақтылау немесе хабардар ету бойынша қандай да бір міндеттемелерді өзіне алмайды.

Energy Insights & Analytics материалдары инвестициялық және өзге де бизнес-шешімдер қабылдау кезінде пайдаланушының, оның менеджментінің, қызметкерлерінің, консультанттарының және (немесе) клиенттерінің білімін, пайымдауын және тәжірибесін алмастыра алмайды. ENERGY Insights & Analytics компанияның пікірі бойынша сенімді ақпарат көздерінен ақпарат алады, бірақ ENERGY Insights & Analytics ақпараттың дұрыстығына жауап бермейді, яғни ұсынылған

деректерге сыртқы аудит немесе өзге де арнайы тексеру жүргізбейді және олардың дәлдігі мен толықтығы үшін жауап бермейді.

Байланыс деректері



www.exia.kz



info@exia.kz



<https://www.linkedin.com/company/energy-insight/>



Қазақстан, Астана қаласы, Д. Қонаев к-сі, 10